

AL-FARABI.KZ



№1/2017



**ӘЛ-ФАРАБИ
ОЛИМПИАДАСЫНАН
ЖОО-ҒА ...**

16 бет.



Редакционная коллегия журнала
«Al-Farabi.kz»

Мутанов Г.М., ректор КазНУ им. аль-Фараби, главный редактор
Буркитбаев М.М., первый проректор, зам. главного редактора
Хикматов А.К., проректор по учебной работе
Калжеков Б.Б., проректор по экономическим и производственным вопросам
Рамазанов Т.С., проректор по научно-инновационной деятельности
Джаманбаласава Ш.Е., проректор по социальному развитию
Дюсебаев Д.К., директор Департамента имиджевой политики и связи с общественностью
Кирабаева Ш.А., директор РНПЦ «Дарын»
Шимашева Р.С., начальник Управления образования г. Алматы
Медеубек С.М., декан факультета журналистики
Байдельдинов Д.П., декан юридического факультета
Давлетов А.Е., декан физико-технического факультета
Джубатова Б.Н., декан факультета востоковедения
Ермекабаева Б.Ж., декан факультета Высшей школы экономики и бизнеса
Жаппасов Ж.Е., декан факультета довузовского образования
Бектемесов М.А., декан механико-математического факультета
Абдиманов О.А., декан факультета филологии и мировых языков
Масалимова А.Р., декан факультета философии и политологии
Онгарбаев Е.К., декан факультета химии и химической технологии
Сальников В.Г., декан факультета географии природопользования
Ногайбаева М.С., декан факультета истории, археологии и этнологии
Заядан Б.К., декан факультета биологии и биотехнологии
Шакиров К.Н., декан факультета международных отношений
Калматаева Ж.А., декан медицинского факультета
Асан А.Т., директор издательского дома «Қазақ университеті»
Калиакпар Д.К., директор ЦПР «Абитуриент», ответственный секретарь

Составитель:
Кожабекоева Г.К.
Корректоры:
Бекбордиева Г., Шуриева А.
Компьютерная верстка:
Калиева А.

Содержание – Мазмұны

Новости КазНУ

Шуланбекова Г., Кожантаева А. «100 кітап» жобасы – жастарды рухани байыту жолындағы жоба	2
Ануарбекова Г.Б., Абишева А.К. «Мәдениет.kz» клубы	3
Калиева А.Ж., Тлеугабылова З.А. Вечер памяти «Незабываемый подвиг»	4
Жатқанбаева А.Е., Шуланбекова Г.К. Қазақ Ұлттық университетінің студенттер заң клиникасы.....	6
Нурмуханова А.З., Куйкабасева А.А. КазНУ имси аль-Фараби вошел в топ-250 ведущих вузов мира 2016 года	8
Максумханова А.М., Алдиярова А.Н. Перспективная деятельность кафедры теплофизики и технической физики	9
Олимпиада «Аль-Фараби» Нюсупова Г.Н., Каирова Ш.Г., Калимурзина А.М. Особенности проведения международных олимпиад по географии для школьников	13
МедСтбк С. Әл-Фараби олимпиадасынан ЖОО-ға	16
Қыстаубаева А.К. «Математика» пәнінен тест сұрақтары	17
Школа умов Садықов Ж.С. Шетел азаматтарын геометрия сабағында прогрессиялардың қасиеттерін тиімді пайдаланудың әдістемелері	20
Нурғалиева Г.К. Экономикалық пәндерді оқытуда заманауи әдістерді қолдану	24
Тлеугабылова З.А. Видеоматериалы при обучении иностранному языку	27
Кунбаева А.Ә., Шеденов Ә. Экономикалық және әлеуметтік аналитика пәнінің оқыту әдістемесі.....	29
Ғабитов Т.Х. Қазақстан мәдениетінің заманауи бағдарлары	32
Сариева А.Қ., Зұлпықарова Э.М. Мектепте физиканы оқытудың ғылыми деңгейін арттыру әдістемесінен	35
Нәслідие Буланова Т.М., Дауытова Ж.Қ. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – заман талабы	37
Бейсенбаева А.К., Акимбаева К.Т., Товма Н.А. «100 нақты қадам» – ғылыми-инновациялық жобасын қалыптастырудың алғы шарттары	40
Алмабасова Г.Б. Мәңгілік ел жастары.....	42
Нурғалиева Г.К. Казахский национальный университет имени аль-Фараби – лучший университет Казахстана	44
Моя будущая профессия Джубатова Б.Н., Перспективы востоковедения весьма серьезные	46
Рысбекова Ш.С., Курманалисова А.Д., Шалтаева Т.П. Бүгінгі таңдағы «дінтану» мамандығының өзектілігі	50
Өмірбекова Ә.Ө. Жаһанданған замандағы мәдениеттің және мәдениеттанудың орны	51
Арыстамбаева А.З. «Есеп және аудит» – мамандықтың төресі	52
Борбасова Қ.М. «Дінтанушы» мамандарды дайындау қазіргі қоғам талабы	54
Калтарбасова Ж.У., Нурлан А. Религиоведение – востребуемая специальность сегодняшнего дня	56
ВОПРОС – ОТВЕТ	58
СТРАНИЧКА ЮМОРА	59
СТУДЕНЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ	60

Свидетельство о постановке на учет
периодического печатного издания и
(или) информационного агентства
№12280-Ж
г. Астана, 2.02.2012 г.

AL-FARABI.kz

№ 1/2017

ИБ №10645
Подписано в печать 30.03.2017. Формат 70x100 1/16.
Печать цифровая. Объем 3,8 п.л. Тираж 100 экз. Заказ №979.
Издательский дом «Қазақ университеті»
Казахского национального университета им. аль-Фараби. 050040,
г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.
Отпечатано в типографии издательского дома
«Қазақ университеті».



Бейсенбаева А.К., э.ғ.к.,
«Есеп және аудит» кафедрасының доценті
Акимбаева К.Т.,
«Есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы
Товма Н.А., PhD доктор,
э.ғ.к., «Есеп және аудит» кафедрасының доценті

«100 НАҚТЫ ҚАДАМ» – ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Әлемдегі алдыңғы қатардағы ел болу мақсатында қабылданған «100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары. Тұрақты дамып келе жатқан экономика салаларында жоғары дәрежелі мамандардың жетіспеушілігі байқалады. Сондықтан, заман талабына сай қазіргі уақытта білім берудің инновациялық әдістерін енгізуге көп кеңіл бөлініп егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуға.

Демек, еліміздің ғылыми әлеуетін нығайту, ғылымға негізделген экономикаға көшу орнықты экономикалық дамуға және Қазақстанның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың ауқымды мәселелерін шешуге ықпал ету жолында ғылым мен инновациялық дамуды үйлестіруге, мамандар әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ғылым инфрақұрылымын жаңғыртуға және одан әрі дамытуға бағытталатын реформаларды тереңдетуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері аянбай еңбек етуде.

Бүгінде алдына қойған міндеттер бойынша білім беру, ғылым мен инновациялық қызметтің тиімді ықпалдастығы негізінде, қазіргі интеллектуальды талаптарға және Қазақстан Республикасының Даму стратегиясына сай кадрлық әлеуетті – жаңа форматтағы мамандарды қалыптастыру мақсатында келелі міндеттерді орындауда қажырлы күш жұмсауда. Яғни:

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алдыңғы қатарлы халықаралық зерттеу университеттерінің деңгейіне бағытталған білім

беру бағдарламаларын трансформациялау арқылы халықаралық білім беру кеңістігіне кіру тұжырымдамасын жүзеге асыру;

– Танымал әлемдік агенттіктерде білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредитациядан өткізу және оқытушылар мен мамандарды халықаралық сертифициқтату;

– әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көпсалалы білім берудің құзыреттілік пен тұлғаға бағытталған жаңа моделін енгізу;

– студенттер мен оқытушылардың халықаралық академиялық мобильділігін арттыру;

– бәсекелестікке төтеп беретін біріккен ғылыми-зерттеу жұмыстарын табысты өткізу мақсатында INTAS, ТЕМПУС, НАТО, МНТЦ секілді халықаралық қорлармен ынтымақтастық аясын кеңейту;

– ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін көтеру мақсатында университеттің ғылыми жұмыстарының нәтижесін экономиканың нақты секторына енгізу және интеграциялау мақсатында әлемнің жетекші университеттерімен бірігіп, ғылыми-зерттеу жобаларын жасау;

– ҚазҰУ-дың жаңа инфрақұрылымында тәжірибелі зертханалар құру арқылы бизнес-құрылымдар мен университеттің мемлекеттік-жекеше өріптестігін дамытуды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға тартуды, ғылыми нәтижелерді коммерцияландыруды жетілдіру.

Университет пен жоғары білім беру мен ғылым жүйесінің алдында тұрған стратегиялық міндеттерді орындау аясындағы ауқымды іс-шараның бірі – «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» ғылыми-инновациялық жобасы. Аталған жобаның маңыздылығы сол – білім ордасы көрнекті ойшыл, ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі әл-Фараби атын арқалап жүргендіктен, ғалымның



армандаған және ойлаған мақсаттарын жүзеге асыру.

Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы» «трактаты негізіндегі ғылыми-инновациялық жоба дана бабамыз суреттеген идеалды қоғамның кескінін бейнелейтін, әлі де болса жас, қалыптасып келе жатқан ел болсақ та тура осы бағытқа қадам басып келе жатқанымызды айқындайды. Өйткені еліміздің алдына мақсат етіп қойған қай бағдарламасын алсаңыз да осы ұстанымдарға негізделгені анық.

Елімізде жеделдетілген индустриялық инновациялық даму бағдарламасы қабылданды. Ол республикамыздың барлық тұрғындарын қамтиды. Осы жерде жаңалықтарды ендіріп, оны одан әрі Қазақстан бойынша тарату керек.

Ал «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» ғылыми-инновациялық жобасы қандай жолмен іске асырылмақ?

Яғни, жобаны іске асыру – бұл жаңа экономиканы жасауға бастар, сапалы білім алған – бәсекелестікке тетеп бере алатын ғалым және кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлауға апаратын жол. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазір әлемдік ЖОО қауымдастығы аясында белсенді түрде қызмет жасап келеді. Яғни, ғылыми-инновациялық жобаларды дамытумен салыстырғанда маңыздылығы жағынан кем түспейтін технологиялық деңгейі жоғары ғылыми жобаларды жүзеге асыруға жетті. Бұл халықаралық тәжірибеде, әрі оны өз елімізде белсенді түрде өндіріске өндіретінімізге мүмкіншілік берді. Алайда, инновациялар – қаншалықты көп қатысушысы болса, соншалықты жоғары нәтижесі көрінетін үрдіс екендігін түсінуіміз қажет. Нәтижелі болу – оңтайлы басқаруды талап етеді.

Осы мәселелер тұрғысында 19 мыңға жуық білім алушылар мен 4 мыңға жуық маман-қызметкерлерге қызмет көрсететін ҚазҰУ ақпараттық технология департаменті мамандарымен жасалған «Универ» жүйесі. Бұл жан-жақты идеяның мазмұны білім беру жағынан да, әдістемелік және ақпаратты ұсыну турасынан да инновациялардың болуын көздейтін жүйе.

Себебі, күнделікті енгізілетін ақпараттық – жаңалық – жүйені пайдаланушылар мен

олардың жеке басын куәландыратын, маңызды мәліметтер беретін немесе олардың сабаққа қатысуы мен үлгерімін бақылауға мүмкіндік беретін бірден – бір инновациялық жүйе. Оған жүйені пайдаланушылар туралы барлық мәліметтер жинақталады: аты-жөні, жасы, оқитын мамандығы мен курсы, ата-анасының телефон нөмірі және т.б.

Электрондық куәлік ретінде де, жүйені пайдаланушылар жасаған маңызды әрекеттерін де белгілеп: кіру және шығу уақыты туралы хабардар етіп отырады. ҚазҰУ студенттер мен оқытушылар құрамына бақылау жасау – бұл маңызды басымдылық және ол Қазақстанның әлемдік инновациялық кеңістікке енуі үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашады.

«AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» ғылыми-инновациялық жобасын жүзеге асыру бүтін Қазақстанның және ЖОО-дары арасында ауқымды «инновациялануының» қозғаушы күшіне айналуы қажет. Біз ҚазҰУ қалашығына келген әрбір жас өздерінің идеяларын қалдырып, оларды міндетті түрде жүзеге асыруына, өздерінің саналық, қаржылық және еңбек капиталдарын Қазақстанның игілігі үшін жұмсауларына барлық жағдайлар жасаймыз. Ал сондай білімді жастар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көптеп тартылуына қарай, ҚазҰУ қалашығы да дамудың қарқынды жолына түспек. Біз осындай зияткерлігі, білімі жоғары жастардың көптеп шоғырлануына жеткен кезде және олар бір-бірімен пікір таласып, тәжірибе алмасқанда инновациялық оңалыс тұрақты құбылысқа айналады. Міне, ойшыл, ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі әл-Фараби армандаған және ойлаған мақсаттарын жүзеге асыруға қол жеткіземіз.

Адамзат баласы бірнеше ғасырдан бері армандап келген Жерұйық қоғамда халықтың ауызбірлігі мен ынтымағы, жігері мен әлеуетін жігерлі де дара тұлға – басшымен үйлестіре отырып жетуді басты мақсат етіп қоюымыз керек. Өйткені тарих жолында не бір азатты жолдармен жүріп өткен қазақ халқы «Қайырымды қаланың тұрғындары» болуға сезсіз лайық.